

Ұстаздық ұлы қасиет

ЖАРИЯЛАНДЫ
06.02.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/113722/>

**Есенов Танатар,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің магистранты**

**Жанатаев Данат Жанатайұлы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры, доцент**

Талайғы тарихтың таралғысы тұтаса келгенде тәлім-тәрбие беретін ұстаздық жолдың да бізге оңай жолмен келмегендігіне шүбә келтіре алмаспыз хақ. Түптамырымызға көз тастар болсақ, Білге қаған, Күлтегін және Тоныкөк ұлы Түркі қағанатының еңсесі биік ел болуына үлес қосып, Йоллығтегіннің халқы үшін қаһармандық жасауы, желмаясымен жер жәннатын іздеген Асан қайғының Жетісу жеріне ат басын тіреуі, сол жерұйықта, Шу мен Талас өзендерінің бойында Керей мен Жәнібек бабаларымыздың хандық құруы, Абылай, Қасым, Хақназар, Тәуке, Кенесары хандардың сүйем жерді қасық қанымен қорғауы, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Баян батырлардың қытымыр заманның қылышынан қан тамып тұрса да қол бастауы, бұл ерлікті даналықтарымен ұйытқан Бұқар, Нысанбай, Шөже жыраулар мен Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің қазақтың еркіндігі үшін күресін үзбей насихаттауы – сом тараулы тарих тағылымдары. Бірақ аталмыш алып тұлғалардың әрбірінің артында ұстаз тұрғанын ұмыт қалдырмауымыз қажет! Өйткені, алып та, ғалым да, дана да – ұстаздан. Қазір біз бүгінгі күнмен өмір сүріп, келер келешекке жоспар құруды жанымыз сүйеді, бірақ тарих мұндай қателікті кешірмейді. Ұрпақтың рухани құнсыздануына жол бермеген, тағдырдың тар жолынан түзу өтіп, тұтқиылдан тілге, елге жасалған тұзақтарға төтеп беріп, құлдық санадан, таптаурындардан ада болуға аянбай еңбек еткен, ұлтты ұйыстырған ұлы ұстаздары – Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық әдістемесін, Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл құралы», «Оқу құралы» «Әліпби» еңбектерін, Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» зерттеуін, Жүсіпбек Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші» еңбегін есте сақтау – біз үшін абыройлы парыз. Тағдыр талқысын көрсе де, қазақ білімі мен ғылымының көсегесін көгерткен көсем тұлғалардың соқпаққа толы ұстаздық жолы өшпес өнеге екендігі хақ. Қазақтың қазақтығын танытуда сөз бостандығы мен тіл тазалығын, әр қазақ баласының сана саңылауына сәуле түсіруді

күнтәртібіне қоя білген осы аталмыш ұлт ұстаздары еді. Қазақ ұлтының ой шамына май тамызып, от берді, үміт берді. Бұл мамандық осынысымен құнды!

Ұстаз деген — ұлағаттың шайыры,

Қадірінің тиетұғын қайыры.

Ұстаз деген — шуағы мол шапағат,

Шаршамайтын, шалдықпайтын, тәйірі.

Ұстаз деген — ұстаз болып туғандар,

Ұлылықты ұлықтаған имандар.

Ұрпағының ертеңіне жол ашып,

Өмірінің әр шақтарын қиғандар. Бұл өлең жолдары ұстаздықтың заман өзгерсе де, адам өзгерсе де, мәңгілік абыройлы іс болып қалатындығын айғақтап тұрғандай. Шәкірттердің өмірлік айнасына айналып, таудай қиындықтарды тастай домалатып, адалдық жолын бастап, адамдықтың шегінен аспайтын ұстаз қашан да қадірлі! Бала жүрегіне бойлап, күй сандығының кілтін тауын, сырын шерту - биіктердің биігі. Сондықтан қасиетті мамандық иелерінің ішіндегі ең жауһары, адамның азбайтұғын асылдығы - ұстаздық жолы. Біздің түсінігімізде, рухы таза, өресі биік ұстаз — Отанының келешегі үшін тер төгіп, табандылықтың үлгісін көрсетуші, білімі мен білігін өркениетке құлаш ұрған ұрпақ болашағына, бақытына арнап, өз ұлтын өрге өркендетуші ұлы тұлға! Аталмыш бір мамандықтың бойында қаншама зерде мен зейін, пайым мен парасат, сенім мен сезім, тәлім мен тәрбие жатыр?! Ұстаздықты ұрпаққа ұлықтамау - зор қателік. Сондықтан сом тараулы тарихымыздың қатпарлы беттерінде егестерде ерлік еткен есіл бабалар батырлығы, ұлт білімін бірінші орынға қойған ұстаздар тағылымы ойып жазылды. Аласапыран заманда адал білім үшін арпалысқан, аждаһамен алысқан арыстарымыз бізге дәл осы бейбіт өмірді, «ұстаздық» деген ұлы мамандықты сыйға тартты. Сол себепті бүгінде бодандық бұғауынан босанған діліміз бен тіліміз тәуелсіздікте ғұмыр кешуде! Қуан, қазақ!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.